БЕКІТЕМІН

«Абай облысы Жарма ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ басшысы

С.Б. Құлжабеков _____

Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

«Сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшелігі»

«Абай облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылының бас жоспары» түзету енгізу

1	**Қала құрылысы жобасының түрі**	Қалбатау ауылының бас жоспарын әзірлеу жұмыстары
2	**Заказчик**	«Абай облысы Жарма ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ Мекенжайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98/2 ғимарат. Байланыс телефоны: 8 (72347) 6-57-96.
3	**Жобалау ұйымы**	
4	**Жобалауға негіздеме**	- Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII ҚРЗ;
5	**Қала құрылысы жоспарлауының объектісі және оның негізгі сипаттамалары**	Қала құрылысы жобалау объектісі (бас жоспарды әзірлеу) – Қалбатау ауылы. Қалбатау ауылы Абай облысының әкімшілік орталығы – Семей қаласынан солтүстік-батысқа қарай 164 шақырым қашықтықта орналасқан.
6	**Жобалау кезеңдері бойынша ұсынылатын материалдардың құрамы, мазмұны мен рәсімделу нысанына қойылатын негізгі талаптар, жұмыстарды орындау кезектілігі мен мерзімдері**	6.1. Жұмыстың мақсаты: Қалбатау ауылының Бас жоспарының орындалуын (іске асырылуын) талдау. Халық санының өсуі мен жұмыспен қамтылуының болжамын айқындау, жобаланатын аумақтағы инвестициялық үдерістерді ұзақ мерзімді жоспарлау, елді мекен аумағын ұзақ мерзімді дамыту перспективаларын белгілеу, жоспарлау құрылымын қалыптастыру бағыттарын, аумақты қала құрылыстық аймақтарға бөлуді, жалпы ауылдық маңызы бар объектілерді орналастыруды, көлік қызметін ұйымдастыруды, инженерлік жабдықтау жүйелерін дамытуды, аумақты инженерлік дайындау мен абаттандыруды, қауіпті табиғи және техногендік үдерістерден қорғауды, табиғи ортаны және тарихи-мәдени мұраны сақтауды айқындау. 6.2. Бас жоспарды әзірлеу келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады: I кезең – жобалау алдындағы талдамалық кезең; II кезең – жобалық кезең; III кезең – қорытынды кезең. 6.3. I кезеңде келесі жұмыстар орындалсын: 6.3.1. Жобаланатын аумақтың топографиялық-геодезиялық зерттелу деңгейіне талдау жүргізу, топографиялық-геодезиялық түсірілім жұмыстарын орындау. Топографиялық түсірілім, жергілікті жерді зерттеу және алынған бастапқы деректер негізінде аумақтың қазіргі пайдалану жағдайына талдау жүргізу, ірі жер пайдаланушылардың шекараларын, әртүрлі құрылыс объектілері үшін бөлінген жер учаскелерінің шекараларын нақтылау, тірек жоспарын әзірлеу және аумаққа кешенді бағалау жүргізу. 6.3.2. Жүргізілген талдау негізінде халық саны мен тұрғын үй қоры бойынша ірілендірілген қала құрылыстық есептеулер жүргізу, болжамдық мерзімге арналған аумақтық даму бағыттарын және функционалдық аймақтарға бөлуді баламалы нұсқалар негізінде айқындау. Нұсқаларға салыстырмалы талдау жүргізіп, оңтайлы шешімді анықтау. Аумақтың алдын ала жоспарлау құрылымын Тапсырыс берушімен келісу.

		6.4. II кезеңде келесі жұмыстар орындалсын: 6.4.1. Аумақты жоспарлау жөнінде егжей-тегжейлі ұсыныстар әзірлеу, негізгі сызбаны орындау, халық саны мен жұмыспен қамтылудың өсу болжамын айқындау; функционалдық аймақтарға бөлу, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыс құрылымы бойынша ұсыныстар әзірлеу. 6.4.2. Көлік жүйесін, көше-жол желісін, сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау және инженерлік қамтамасыз ету жүйелерін дамытудың негізгі бағыттарын анықтау. 6.4.3. Экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту, тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау бойынша ұсыныстар беру. 6.4.4. Көше-жол желісін және көлікті ұйымдастыру бөлігін әзірлеу кезінде қоғамдық автомобиль көлігі желісін дамыту көзделсін. 6.5. Жобаның жобалық материалдары: - аумақты қазіргі пайдалану схемасы (тірек жоспар), масштабы 1:2000; - аумақтың кешенді қала құрылыстық бағасы, масштабы 1:2000; - бас жоспар (негізгі сызба), масштабы 1:2000; - қала құрылыстық аймақтарға бөлу және регламенттер жоспары, масштабы 1:2000; - тік жоспарлау және аумақты инженерлік дайындау схемасы, масштабы 1:2000; - көше-жол желісі мен көлік схемасы, масштабы 1:2000; -көшелердің көлденең профильдері, масштабы 1:200; -инженерлік қамтамасыз ету схемасы (сумен жабдықтау және су бұру схемасы), масштабы 1:2000; -инженерлік қамтамасыз ету схемасы (электрмен жабдықтау және телефондандыру схемасы), масштабы 1:2000; -инженерлік қамтамасыз ету схемасы (жылумен жабдықтау схемасы), масштабы 1:2000; -қызыл сызықтарды бөлу жоспары; -техникалық-экономикалық көрсеткіштер; -дамыту тұжырымдамасы (мастер-жоспар) (Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII Құрылыс кодексінің 76-бабының 6-тармағына сәйкес, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); -негізгі схемалардың А3 форматындағы альбомы. *Ескерту: Бас жоспар жобасының схемалары электрондық түрде жоғарыда көрсетілген масштабта әзірленеді, ал Тапсырыс берушінің мұрағатында сақтау үшін қағаз жеткізгіштегі схемалардың масштабы нормативтік талаптарға сәйкес қабылданады. Қабылданатын жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба. Қабылданатын жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба (мемлекеттік және орыс тілдерінде). Жобаның графикалық бөлігі: -сызбалар схемаларының растрлық нұсқасы (.jpg, .pdf форматтарында); -схемалардың векторлық нұсқасы (WGS-84, QazTRF-23 координаттар жүйесіне байланыстырылған түрде); -нормативтік құрылымға сәйкес .gdb форматындағы цифрлық база (WGS-84, QazTRF-23 координаттар жүйесіне байланыстырылған түрде), Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген «Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына» сәйкес.
7	**Жобалауға арналған бастапқы деректердің құрамы, оларды ұсынуға жауапты орындаушылар, ұсыну мерзімдері мен тәртібі**	7.1. Тапсырыс беруші Орындаушыға мүмкіндігінше қысқа мерзімде келесі бастапқы деректерді ұсынуға міндеттенеді: Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың Бас схемасы; Өңіраралық аумақтық даму схемасы; Жарма ауданы аумағын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасы; Қалбатау ауылының қолданыстағы Бас жоспары; Қалбатау ауылының топографиялық іздестіру материалдары, оның ішінде М1:500, М1:1000, М1:2000, М1:5000 масштабтарындағы топографиялық түсірілімдер, сондай-ақ Қалбатау ауылының инженерлік коммуникацияларын түгендеу нәтижелері; Атқарушы органдар жобалауға қажетті бастапқы ақпаратты ұсыну мәселесінде қала құрылысы жобаларын әзірлеуге тапсырыс беруші мен орындаушыға жәрдем көрсетуге тиіс.

8	**Осы қала құрылысы жобасының түрін келісетін уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың тізбесі**	Облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен, облыстық қызметтермен, тиісті министрліктермен және жұмыс барысында айқындалатын өзге де ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді стратегиялық экологиялық бағалау рәсімінен өткізілуге тиіс.
9	**Әзірленетін қала құрылысы жобасының түріне келісуші ұйымдардың қоятын талаптары**	Жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарына, сондай-ақ салалық стандарттарына сәйкес орындалуы тиіс: -Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі 2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII ҚРЗ; -Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 1 қаңтардағы №181-VII ҚРЗ «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңы; -Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 5 сәуірдегі №221-VII ҚРЗ «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы; -Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі; -Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-XII «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы; -Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175-III «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы; -Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексі; -Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №166-VII ҚРЗ «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Заңы; -ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» (2017 жылғы 28 тамыздағы өзгерістермен); -ҚР ҚН 3.01-01-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу»; -ҚР ЕЖ 1.02-110-2013 «Жобалау ұзақтығы»; -ҚР ЕЖ 3.01-101-2013* «Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу»; -ҚР ҚН 3.01-02-2012 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу»; -Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары; -Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан ақпаратты және (немесе) мәліметтерді жүргізу және ұсыну қағидалары; -Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы №172/ОД бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін тіркеу қағидалары; -Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы №706 бұйрығымен бекітілген Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидалары; -Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы»; -Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы №429 қаулысы «Мәліметтерді таралуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы»; -Жобалау аумағында орналасқан аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемаларының, бас жоспарлардың және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының бекітілген жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес.

10	**Жобалау алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын және инженерлік ізденістерді (қажет болған жағдайда) жүргізудің құрамы мен тәртібі**	10.1. «Қалбатау ауылының Бас жоспары. Түзету енгізу» жұмыстарының құрамында Орындаушы немесе оның қосалқы мердігері келесі инженерлік іздестіру жұмыстарын орындайды: шекаралар шегіндегі аумақты қамтитын М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспарды әзірлеу. Топографиялық түсірілім QazTRF-23 координаттар жүйесінде орындалуы тиіс. Биіктік жүйесі – Балтық жүйесі. Қалбатау ауылының Бас жоспары жобаланатын аумағына арналған М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспар (жобалау барысында нақтыланады) жер бедерінің горизонтальдары 1 метр сайын жүргізіле отырып орындалуы тиіс. Салынған аумақтағы магистральдық инженерлік коммуникациялар өткен жылдардағы іздестіру материалдары мен Қалбатау ауылының инженерлік коммуникацияларын түгендеу нәтижелері негізінде М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспарға енгізіледі, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынған материалдар негізінде түсірілім жүргізілген сәттегі жағдай бойынша өзектендіріледі. Түгендеу барысында көрсетілмеген немесе нақтыланбаған инженерлік желілер арнайы геодезиялық жабдықтарды пайдалана отырып жүргізілген далалық геодезиялық зерттеу нәтижелері бойынша М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспарда көрсетіледі. Салынбаған аумақтағы магистральдық инженерлік коммуникациялар арнайы геодезиялық жабдықтарды пайдалана отырып жүргізілген далалық геодезиялық зерттеу нәтижелері негізінде М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспарға енгізіледі. 10.2.Топографиялық жоспар Қалбатау ауылының инженерлік коммуникацияларының теңгерім ұстаушыларымен немесе оларды пайдаланушы ұйымдармен келісілген болуы тиіс. 10.3.Топографиялық түсірілім Тапсырыс берушіге электрондық жеткізгіште ұсынылады. 10.4.Топографиялық түсірілім келесі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес орындалуы тиіс: Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №166-VII ҚРЗ «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Заңы; ҚР ЕЖ 1.02-101-2014 «Құрылысқа арналған инженерлік-геодезиялық ізденістер. Негізгі ережелер»; ГКИНП (ГНТА) 02-028-09 «1:5000, 1:2000, 1:1000 және 1:500 масштабтарындағы топографиялық түсірілім жөніндегі нұсқаулық»; ГКИНП (ГНТА) 02-016-09 «Жерасты коммуникацияларын түсіру және жоспарларын жасау жөніндегі нұсқаулық»; 1:5000, 1:2000, 1:1000 және 1:500 масштабтарындағы топографиялық жоспарларға арналған шартты белгілер. 10.5. Тапсырыс берушіге төмендегілер тапсырылады: қабылданған шартты белгілермен рәсімделген, планшеттерге бөлінбеген М1:2000 масштабындағы топографиялық жоспардың геоақпараттық деректер базасы форматындағы электрондық нұсқасы (2 дана); инженерлік-геодезиялық ізденістер туралы есеп қағаз жеткізгіште (2 дана) және PDF форматындағы электрондық жеткізгіште. Тапсырыс беруші Поставщикпен (Орындаушымен) бірлесіп топографиялық түсірілімді және жобаға қажетті материалдарды келісуді қамтамасыз етеді.
11	**Әзірленетін қала құрылысы жобасын келісу мен сараптамадан өткізуді ұйымдастыру тәртібі**	Жобаны келісу, қоғамдық тыңдаулар өткізу және қала құрылысы сараптамасынан өткізу Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына, ҚР ҚН 3.01-00-2011 талаптарына, Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне (2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII ҚРЗ, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі), сондай-ақ «Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» нормативтік құқықтық актінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жобаны келісуді ұйымдастыру және оны бекітуге ұсыну Тапсырыс берушімен Орындаушының қатысуымен жүзеге асырылады. Келісуші ұйымдардың ескертулері бойынша енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер қосымша ақы талап етілмей, мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындалуға тиіс.
12	**Өзге талаптар мен**	12.1. Барлық жұмыс түрлері жобалау жұмыстарын жүргізудің заманауи компьютерлік

	шарттар: орындаушы тарапынан	технологияларын қолдану арқылы орындалуы тиіс. 12.2. Жобалау жұмыстары әлеуетті өнім берушінің иелігіндегі және dxf, dwg, SHP, GDB форматтарын, сондай-ақ jpeg, cdr және басқа да графикалық форматтарды қолдайтын лицензиялық бағдарламалық өнімдерді пайдалану арқылы орындалуы тиіс. Жұмыстарды орындау барысында жобалауға арналған тапсырмаға Тапсырыс беруші мен Орындаушының өзара келісімі бойынша нақтылаушы түзетулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Әзірлеген:
Абай облысы Жарма ауданының сәулет,
қала құрылысы және құрылыс бөлімінің
бас маманы Ү. Мәлс

“АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ СӘУЛЕТ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ”

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ **“ОТДЕЛ АРХИТЕКТУРЫ, ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА И СТРОИТЕЛЬСТВА ЖАРМИНСКОГО РАЙОНА ОБЛАСТИ АБАЙ”**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

14.08.2026 ж
Қалбатау ауылы

№ 41 н/қ
село Калбатау

Мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігі, біліктілік талабын жобасы және шарт жобасын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бектіліген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 2 параграфтың 118-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай облысы Жарма ауданының сәулет, қалақұрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің, «Абай облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылының бас жоспары» түзету енгізу бойынша конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу техникалық ерекшелігі, біліктілік талаптарының жобасы және шарт жобасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың тиісінше орындалуын бақылауды «Абай облысы Жарма ауданының сәулет, қалақұрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің статисті Е.Қоңыртаевқа жүктелсін.

Бөлім басшысы **С. Құлжабеков**